ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 07 тамыз іс №5501-25-00-2/1801 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.А. Күлбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот Сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының филиалы Павлодар облысы бойынша сот сараптамалары Институты

ЖАУАПКЕР:
«AEY Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот Сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының филиалы Павлодар облысы бойынша сот сараптамалары Институты жауапкер «AEY Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

«AEY Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«AEY Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне мемлекеттік бажды 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья А.А. Күлбаева

Құжатқа қол қойылған: Кульбаева А. А., 07.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Кульбаева А. А., 16.09.2025

5501-25-3-1/2015